

«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы

15 қараша 2023 жыл

Ақтөбе қаласы «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қатысқандар саны: 9

Қатыспағандар: 0

Қатысқандар:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы - Қ.Қ. Табаналы
2. Кеңес мүшесі орынбасары – М.Қ. Қайыржанұлы
3. Кеңес мүшесі – С.М. Сауанаев
4. Кеңес мүшесі – М.Б. Байдрахманұлы
5. Кеңес мүшесі – М.М. Шукралиева
6. Кеңес мүшесі – Ш.Б. Абишева
7. Кеңес мүшесі – Г.М. Утарова
8. Кеңес мүшесі – Д.М. Сембай
9. Кеңес мүшесі – Б.Б. Дүйсенова

Күн тәртібінде

1. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну. 1-4 сынып оқушылардың тегін тамақтануын бақылауда ұстау.

Әлеуметтік педагог Бакишева Б.К.

2. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар

ДТІЖО Әбденов Ж.Н.

3. Қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтары орындалуын тексеру мақсатында рейд жұмыстарын ұйымдастыру.

Әлеуметтік педагог Бакишева Б.К.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Қ. Табаналы күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөзді әлеуметтік педагог Б.К. Бакишеваға берді.

Ақтөбе облыстық маслихатының 2023 жылғы 28 сәуіріндегі №13 шешім негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 26.07.2023ж №2/3985 шығыс хаты негізінде, 04.09. күнінен бастап мектебімізде 1-4 класс оқушылары тегін тамақтанып жатыр. І кезеңде - бастауыш кластары бойынша 1-4 кластар, ІІ кезеңде 2-3 кластар. Барлығы - 647 бала тамақтануда.

Қ.Р Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 қаулысына сәйкес, аз қамтылған оқушыларды жалпыға бірдей білім беру қорынан ыстық тамақпен қамту мақсатында, ата-аналардың өтініші негізінде, құжат жинау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жергілікті бюджеттен тамақтанатын 5-1 кластардан оқушы саны - 94 оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары - 21, көп балалы және аз қамтылған отбасы балалары – 52, алқалық комиссияның шешімі бойынша-21 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Әлеуметтік педагог және класс жетекшілер табель түрінде бақылайды. Ұлттық денсаулық сақтау орталығының мамандарының

нұсқаулығымен дұрыс тамақтанудың 2 апталық ас мәзірінің стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық мәзірге сәйкес күнделікті мәзір құрылып, мектеп директорымен бекітіледі. Әр аптаның дүйсенбі күні бекітіліп, асханаға ілінеді. Оқушылардың уақытылы тамақтанып, сабақтарына үлгеруі үшін тамақтану кестесі және тамақтану барысында тәртіп сақталуы үшін мұғалімдерден кезекшілік құрылған. Мектеп асханасында 312 орын бар. Оқушылардың қол жуатын жері ұйымдастырылған. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киімі санитарлық талапқа сай. Оқушыларға берілетін тамаққа күнделікті бақылауды медбике жүргізеді. Мектеп асханасының жұмысн бақылау және оқушылардың тамақтану деңгейіне мониторинг жүргізу мақсатында Бракираждық комиссия жұмысы ұйымдастырылды. Комиссияның құрамына ДТІЖО, қамқоршылық кеңес төрағасы, директордың шаруашылық ісі-жөніндегі орынбасары, шаруашылық меңгерушісінің көмекшісі, әлеуметтік педагог, медбике бар. Комиссияның жұмысы Бракираждық комиссия туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады, жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс жасаймыз.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Н. Әбденев оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алу, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Ендігі кезекте, құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында атқарылып жатырған жұмыстарға тоқталып өтейін.

Жыл басында мектеп қабырғасында оқушыларға смартфон телефон ұстамауына және пайдалануына тыйым салынды. Тығыз байланыста болу үшін қарапайым телефон ұстауға рұқсат етіледі. Осы шешім бойынша ата-аналар жиналысында ескертіліп, мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырылып, қол қойылды. Смартфон телефонға тыйым салудың себебі оқушыларға сабақ процесі кезінде кері әсерін тигізеді және мектеп қабырғасында жүріп, әлеуметтік желіге басқа оқушылардың суретін немесе видеосын жүктеуі, асханада өтірік чек жасау арқылы алдау әрекеттері негіз болды. Қала мектептерінде болып жатырған жағдайларға байланысты мектебімізде алдын алу мақсатында жасалды. Ата-аналар жиналысында класс жетекшілер, мектеп әкімшілігі тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда 58 оқушы ұялы телефонмен ұсталып, түсініктемелер алынды.

«Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» атты онкүндік тәрбие жоспар негізінде 1-11 кластар арасында жолда жүру ережелерімен таныстыру, есте сақтауға үйрету, өз өмірлерін сақтай білуге және жол белгілерін айыра білу жөнінде тәрбиелік шаралар өткізілді. 20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» атты мектеп инспекторларымен бірлесе отырып, мектеп оқушыларына «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, әлеуметтік педагог Б.К Бакишева қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында рейд жұмыстарын ұйымдастырылды. Қалалық білім бөлімінің тапсырмасы бойынша Жетім және ААҚҚ отбасының балаларының үйіне тұрмыстық зерттеу актісі жасалды. Олар Каденов Әмір, Корджауов Жасұлан, Пшенченко Руслан, Тәуекелов Аңсаған, Волкова Радмила, Ахунов Максим мен Алина. Әр бала бойынша дайындалған құжаттар қалалық білім бөліміне тапсырылды.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде – 1482 оқушы оқиды. Оның 797-сі ұл, 687-сі қыз.

Толық отбасы саны – 842, ондағы бала саны-1027.

Толық емес отбасы-67, ондағы бала саны-457

Жетім бала – 4.

Жартылай жетім – 59, әкесі қайтыс болған-48, анасы қайтыс болған-11, аз қамтылған -45 отбасы -156 оқушы

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы-22 - 40 бала

Көпбалалы отбасы-327-612 бала.

Өгей әкемен тұратын отбасы-8-12 бала.

Өгей анамен тұратын - 4-6 оқушы

Ерекше білімді қажет ететін оқушылар - 6

Үйден оқитын балалар – 6 оқушы

Әлеуметтік паспорт 62 класс бойынша жинақталып, мектептің әлеуметтік паспорты шығарылды.

Қаулы:

1. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдетілген тамақтану ұсынылсын. 1-4 сынып оқушылардың тегін тамақтануы бақылауда ұсталынсын.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары жандандырылсын
3. Қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтары орындалуын тексеру мақсатында рейд жұмыстары ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Хатшы:



К.К. Табаналы

А.А. Тансикова